

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025
		30.05.2025ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	Бет 1 - 10

**ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ӘКІМШІЛІК-
БАСҚАРУ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы, 2025

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025
		30.05.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 2 - 10

Алғы сөз

- 1. ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов**
ЕНГІЗІЛГЕН атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы» Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов**
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесі 2025 жылғы 30 мамырдағы №12 хаттама, №1 редакция
- 3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН**
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ
- 4. ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025
		30.05.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 3 - 10

Мазмұны

1. Жалпы ереже	4
2. Нормативтік сілтемелер	4-5
3. Терминдер мен анықтамалар.	5
4. Белгілер мен қысқартулар	5
5. Негізгі ереже	5-6
6. Біліктілікті арттыруды жоспарлау	6
7. Біліктілікті арттыруды ұйымдастыру	7
8. Біліктілікті арттыру курстары жоспарының орындалуын бақылау. . . .	7
9. Қорытынды ереже	8

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025
		30.05.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 4 - 10

Қазақстан Республикасы мәдениет
және ақпарат министрлігі
РММ «Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
Ғылыми кеңес шешімімен
«Бекітілді»
«30» * 05 2025 жыл
Хаттама №12

1. Жалпы ереже

- 1.1. Осы ереже педагогикалық және әкімшілік-басқару персоналының біліктілігін арттыру Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының педагогикалық және әкімшілік-басқару персоналының біліктілігін тұрақты арттыруды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген (бұдан әрі – Академия).
- 1.2. Ереженің талаптары Академияның педагогикалық және әкімшілік-басқару персоналының біліктілігін арттыру процестеріне қолданады.
- 1.3. Ереже бойынша барлық жұмыстарды біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі (бұдан әрі- Бөлім) және оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор бақылайды.
- 1.4. Ереже академияның барлық оқытушылық және әкімшілік-басқару персоналының орындауы үшін міндетті.
- 1.5. Осы ереже академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және менеджмент жүйелеріне тексерулер жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа тараптарға, сондай-ақ тұтынушы-серіктестерге (олардың талап етуі бойынша) академия ректорының рұқсатымен ұсынылуға жатпайды.

2. Нормативтік сілтемелер

- Бөлімнің қызметі келесі нормативтік құжаттармен реттеледі:
- 2.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы;
 - 2.2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
 - 2.3. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары. ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025 30.05.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 5 - 10

2.4. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ жарғысы;

2.5. Ректордың бұйрықтары мен өкімдерімен және осы Ережемен.

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Біліктілікті арттыру – біліктілік деңгейіне қойылатын талаптардың артуына және кәсіби міндеттерді шешудің инновациялық әдістерін игеру қажеттілігіне байланысты өз мамандығы бойынша жаңа теориялық және практикалық білім алу.

Қосымша кәсіптік білім беру нәтижелері бойынша біліктілікті арттыруды растайтын құжаттар – сертификат немесе куәлік.

4. Белгілер мен қысқартулар

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы

БА және ҚБББ – біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі

5. Негізгі ережелер

5.1. Біліктілікті арттырудың негізгі міндеттері: ғылымның жаңа жетістіктерін ескере отырып, тиісті пәндер бойынша білімді тереңдету, оқытушылардың кәсіби және педагогикалық шеберлігін арттыру, кәсіптік білім берудің инновациялық технологиялары мен оқыту әдістемелерін жинақтау және әзірлеу, осы негізде ЖОО бейіні бойынша мамандар даярлау сапасын жетілдіру.

5.2. Біліктілікті арттырудың негізгі бағыттары:

- бейіні бойынша профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру;
- педагогика бойынша біліктілікті арттыру;
- білім берудегі менеджмент бойынша басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

5.3. Біліктілікті арттыру педагогикалық және әкімшілік-басқару персоналдарының функционалдық міндеті болып табылады.

5.4. Профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналы үш жылда кемінде бір рет біліктілігін жетілдіріп отыру қажет.

5.5. Оқытушылардың біліктілігін арттыру Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның біліктілікті арттыру бөлімінде, басқа да жоғары оқу

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025 30.05.2025ж.
		Бет 6 - 10

орындарында, білім беру ұйымдарында, сондай-ақ шетелде жүзеге асырылады.

5.6. Оқытушылардың біліктілігін арттыру негізгі педагогикалық қызметтен қол үзіп және қол үзбей ұйымдастырылады және оқытудың мынандай түрлерін қамтиды:

Қысқа мерзімді-2 сағатқа дейін;

Орта мерзімді-72-ден 108 сағатқа дейін;

6. Біліктілікті арттыруды жоспарлау

6.1. Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімімен ПОҚ және әкімшілік-басқару персоналының біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер базасы жүргізіледі.

6.2. Оқу жылының соңында база деректері негізінде бөлім курстардан өту қажеттілігіне мониторинг жүргізеді және келесі оқу жылына біліктілікті арттыру курстарын жоспарлайды.

6.3. ПОҚ біліктілігін арттыруды жоспарлауды кафедра меңгерушілері соңғы 3 жыл ішінде бейіні бойынша олардың біліктілігін растайтын құжаттары жоқ ПОҚ кафедраның ағымдағы оқу жылына арналған біліктілігін арттыру жоспарына енгізу арқылы жүзеге асырады.

6.4. Кафедраның ПОҚ біліктілікті арттыру жоспары және біліктілікті арттыру курстарын өткізу жоспары негізінде топтар құрылады.

6.5. Жоспарлы біліктілікті арттырумен қатар, егер бұл кафедраның оқу, тәрбие және ғылыми-зерттеу қызметіне нұқсан келтірмесе, оқытушыларға жеке біліктілікті арттыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі

6.6. Біліктілікті бастамашылықпен арттыру жүктемені төмендетпейді, ішінара біліктілікті арттыруды ұйымдастырушы заңды тұлғаның немесе біліктілікті арттырудың бастамашысы болып табылатын оқытушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Біліктілікті арттыруды ұйымдастыру

7.1. Біліктілікті арттыру ұйымы келесі компоненттерді қамтиды:

- Біліктілікті арттыру нысандарын анықтау;
- Бөлімде, басқа да жоғары оқу орындары мен білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын біліктілікті арттыру бағдарламалары туралы кафедраларды ақпараттандыру;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025 30.05.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 7 - 10

- Оқытушылар курстардың оқу жоспарларын орындаған жағдайда, белгіленген үлгідегі құжаттарды беру;

- ПОҚ біліктілігін арттырудан өткені туралы сертификаттарды тіркеу;

- Курстың оқу бағдарламасын, кестесін бекіту және курс лекторын анықтау;

7.2. Біліктілікті арттыру нәтижелерін енгізу келесі нысандарда жүзеге асырылады:

- әдістемелік семинарлар мен әдістемелік конференцияларда, кафедралардың, факультеттер кеңестерінің отырыстарында біліктілікті арттыру тақырыбы бойынша сөз сөйлеу;

- оқытылатын пәндердің бейіні, озық білім беру технологиялары, оң педагогикалық тәжірибе, оқу пәндерін оқытудың тиімді нысандары мен әдістерін зерделеу және жалпылау;

- алдағы уақытта оқу процесінде пайдалана отырып, біліктілікті арттыру бағдарламасы шеңберінде дайындалған оқу-әдістемелік материалдарды ұсыну;

- ашық сабақтар өткізу (мастер-класс);

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, оқулықтарды, оқу-құралдарын, бағдарламаларды және т.б. әзірлеуге және рецензичлауға қатысу;


- студенттерді ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту бойынша оқыту мәселелері, ғылыми баяндамалар, мақалалар, эсселер мен хабарламалар дайындау, оларды талқылау, Академия мен кафедраның әдістемелік жұмысына қатысу;

- ғылыми және әдістемелік конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге, семинарларға, симпозиумдарға және т.б, қатысу;

- біліктілікті арттыру курстарын факультеттер мен басқа да жоғары оқу орындарында оқыту;


8. Біліктілікті арттыру курстары жоспарының орындалуын бақылау

8.1. Ағымдағы оқу жылында ПОҚ біліктілігін арттыру курстарынан өткендігін растайтын құжаттарды Platonus электрондық базасына мәліметтерді енгізу және ПОҚ-ның өз біліктілігін уақтылы арттыруын бақылау.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-10.04-2025
		30.05.2025ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	Бет 8 - 10

9. Қорытынды ережелер

- 9.1. Осы Ережені, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесі бекітеді және бекітілгеннен кейін күшіне енеді.



30.05.2025ж.

Ереже
нормативтік құжаттың түрі

Бет 9 - 10

Біліктілікті арттыру есебі

Аты-жөні	
Лауазымы	
Білімі	
Факультет, кафедра	
Курс өткен орын атауы	
Курс тақырыбы	
Оқыту мерзімі	
Оқу сағаты	







Орындалған жұмыс, курсты өту мақсаты, талдау

This image shows a single sheet of white paper with horizontal blue or grey ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are approximately 20 lines visible. The paper appears slightly aged or off-white. There is no handwriting or other markings on the page.

ҚОЛЫ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	
	Ереже	П 017-10.04-2025 30.05.2025ж.
	нормативтік құжаттың түрі	Бет 10 - 10

Келісу парағы

Әзірленді:		
Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімінің басшысы		Назимхан Улдай Усеновна
Келісілді:		
Оқу, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ергөбек Шыңғыс Құлбекұлы
Персоналды басқару бөлімінің басшысы		Кайранова Галима Жабаевна
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова Орынбасар Куандыковна
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		Молдабаева Амина Ералиевна
«Театр өнері» факультетінің деканы		Кульсеитова Мадина Акбаралиевна
«Өнертану» факультетінің деканы		Жаксылыкова Меруерт Болатканкызы
«Хореография» факультетінің деканы		Габбасова Гульмира Надымовна
«Кино және теледидар» факультетінің деканы		Бакеева Мадина Кайратжановна
«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің деканы		Байділда Бауыржан Нұрбекұлы
«Музыкалық өнер» факультетінің деканы		Алпысбаева Венера Нагметдуллаевна